*Аялаймын сені, Қызылорда!*

# Ақмешіт апталығы

23 сәуір сенбі
№32 (1837)
2022 жыл

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-ақпараттық тарихи-танымдық газет •

*E-mail: akmeshit.kz@mail.ru*

# ӘН ПАДИШАСЫНА ҚҰРМЕТ

**Әлемге әйгілі әнші Роза Бағланова дегенде халық арасына кең тараған «Ах, Самара-городок» әні еске түседі. Әнші**



...ткізін беруші операторлар «РК Мұнай» және «Нефть-...нас-Қызылорда» ЖШС болып белгіленген. Қазіргі ...қытта жанар-жағар май уақтылы жеткізілуде.

**– Азық-түлік бағасын тұрақтандыруға байланысты елімізден шығатын өнімдерді молынан егуге қандай мүмкіндік бар?**

– Сырттан келетін өнімдерді азайтып, елімізден шығатын өнімдерді көбейту жоспарда бар. Бұл бағаны тұрақтандыруға септігін тигізеді. Жерді жатсынбайтын өнімдерді көбірек егуге болады. Биыл 2818 гектар жерге көкөніс, бақша дақылдарын орналастыру жоспарлануда. Оның ішінде 500 гектар картоп, 1328 гектар көкөніс, 990 гектар бақша дақылдары егіледі.

**– Қалада жылыжай салып, кәсібін жолға қойған кәсіп иелері бар. Жылыжай ісін неге қолға алмасқа? Бұл бағаны қымбаттатпауға ықпал етері сөзсіз.**

– Қалаға қарасты Ақсуат ауылдық округінде «КазАгроМир» ЖШС-нің құны 1,1 млрд теңгені құрайтын көлемі 2,2 гектар автоматтандырылған кешенді жылыжай құрылысы жұмыс істеуде. Ол 2020 жылы іске қосылып, 2021 жылы 320 тонна қияр өндірді. Сол кезде қияр бағасы базар бағасынан төмен бағада сатылды. Бұған ауыл тұрғындары мен қала тұрғындары қуанып, өнімге сұраныс арта түскен болатын. Қазіргі уақытта қаңтар айында егілген қияр өнімінен құнара 3-5 тонна аралығында өнім жинауда. Биыл да бағаны тұрақты ұстауға әрекет жасалады. Тұрғындардың талап-тілегі басты назарда.

...таңда Ресейдің ...
...үкіметаралық келісімдер шеңберінде Қазақстан...
...дикасының азаматтарын оқыту үшін білім гр...
...жыл сайын бөлінеді. 2016 жылы аймақтан 178 ...
К.А.Тимирязев атындағы Мәскеу ауылшаруа...
...академиясын бітіріп, облыс, қала көлемінде ...
...істеуде. Ауылдағы маман жетіспеушілігі ...
...аударарлық мәселе. Бұл бағытта тиісті жұмыстар ...
...ға алынған. Мәселен, жастарды ауылға тарту ...
...сатында 2009 жылдан бастап «Дипломмен ауы...
...бағдарламасы жүзеге асып келеді. Онда жас мұғалім...
...дәрігерлер, әлеуметтік жұмысшылар, мәдениет ж...
...спорт мамандары қамтылған еді. 2012 жылдан б...
...бағдарламаға ауыл шаруашылығы және ветеринар...
...мамандары енді. Бұл жастардың осы сала бойынш...
...жұмысқа орналасып, баспанамен қамтылуына көп көмег...
...тигізіп келеді. Алдағы уақытта мұндай жұмыстар мама...
...тапшылығының алдын-алу үшін қажет екені айқын.

**– Әңгімеңізге рахмет.**

Басы 1-бетте

# ҚАЗҰУ– БІЛІМНІҢ ҚАЙНАР КӨЗІ

Ұстаз. Жаратылысынан өзіне айтылғанның бәрін жете түсінген, көрген, естіген және аңғарған нәрселердің бәрін жадында жақсы сақтайтын, ешнәрсені ұмытпайтын. Алғыр да аңғарымпаз ақыл иесі. Мейлінше шешен, өнер-білімге құштар, аса қанағатшыл жаны асқақ және ар-намысын ардақтайтын, жақындарына да, жат адамдарына да әділ, жұрттың бәріне жақсылық пен ізгілік көрсетіп, қорлықшыл пен жасқану дегенді білмейтін батыл, ержүрек болуы керек (Әл-Фараби).

Қай уақытта болмасын адамзаттың алдындағы басты міндет – саналы, мәдениетті, білімді ұрпақ тәрбиелеу екені анық. Соның маңызды бөлігі сапалы білім беру, ал ол өз кезегінде білікті, кәсіби маман дайындау жоғары оқу орындарына жүктелетін үлкен жұмыс. Осы орайда Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ еліміздің жетекші университеті. Қазіргі таңда университетімізде 16 факультет, 67 кафедра, 32 ғылыми зерттеу институты мен орталықтар, технопарк жұмыс істейді.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ QS Quacquarelli Symonds-Graduate Employability Rankings халықаралық рейтингінде өз позициясын нығайтып, 201-250 тобында бір сатыға көтеріліп, түлектерді жұмысқа орналастыруда көшбасшылар қатарына енді. «Жұмыспен қамтылған түлектердің үлесі» индикаторы бойынша ҚазҰУ әлемде 55 орында.

QS - QS Graduate Employability Rankings түлектерінің жұмысқа орналасуы бойынша әлемдегі үздік университеттер арасындағы рейтинг нәтижелері бойынша қазақстандық жоғары оқу орындары арасында сөзсіз көшбасшы – Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ. Университетімізде оқу процесін 2800-ге жуық білікті оқытушылар жүргізеді, олардың 70 пайыздан астамының докторлық, кандидаттық және PhD ғылыми дәрежелері бар. Оқытушы-профессорлық құрамның штат саны шамамен 2,9 мыңды құрайды. Оның ішінде 1,2 мыңнан астам докторлар мен ғылым кандидаттары және 350-ге жуық PhD еңбек етеді.

Университеттің 400-ден астам оқытушысы «ЖОО-ның үздік оқытушысы» грантының иегерлері. Бұл республика бойынша алғанда 20% құрайды. Университет түлектері барлық салада табысты еңбек етіп, студенттерге және жалпы университетке ауқымды қолдау көрсетуде. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ қазақстандық ЖОО-лар арасында көшбасшы оқу орны.

Биыл университетіміз алғаш рет халықаралық стандарттарды ескере отырып әзірленген өз дипломдарын берді. Бұл қадам университеттің беделі мен имиджін одан әрі арттыра түсетініне күмән жоқ.

**С.КУПЕШОВА** к.э.н., доцент,
**Р.УНЕРБАЕВА** АҒА ОҚЫТУШЫ,
**А.НУРМАГАМБЕТОВА** оқытушы
**Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті Экономика және Бизнес жоғары мектебі**